

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің 2011
жылғы «1» наурыздағы №1/2011
хаттама
(хаттамаға №15 қосымша)
(Директорлар кеңесінің 2015
жылғы 23 қыркүйектегі
шешімдерімен енгізілген
толықтырулармен) (№13/2015 хаттама), 2016 жылғы 25
мамырдағы (№7/2016 хаттама),
2017 жылғы 30 қарашадағы
(№16/2017 хаттама) және 2018
жылғы 25 қаңтардағы (№1/2018 хаттама)) шешімімен
БЕКІТІЛДІ**

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
АУДИТ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Аудит комитеті туралы ережесі ҚМГ Директорлар кеңесі Аудит комитетінің мәртебесін, құзыретін, құрамын, жұмыс тәртібін және функцияларын, оның отырыстарын шақыру және өткізу, шешімдерді ресімдеу рәсімін, сондай-ақ Аудит комитеті мүшелерінің құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

2. Ережеде пайдаланылатын ұғымдар мен анықтамалар:

Заң – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

Қор туралы Заң – «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

Қор – ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы «Самұрық-Қазына»;

ҚМГ – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

Аудит комитеті – ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит комитеті;

Ереже – ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит комитеті туралы ережесі;

Қоғамның басшылығы – ҚМГ Басқарма төрағасы және мүшелері.

3. Ереже ҚМГ ішкі құжаты болып табылады және Заңға, Жарғыға, ҚМГ Корпоративтік басқару кодексіне және ҚМГ басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

4. Аудит комитеті ҚМГ Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес органы болып табылады және осы Ережеде белгіленген өз құзыреті шегінде ҚМГ Директорлар кеңесіне және атқарушы органына ұсынымдарды дайындау және барынша маңызды мәселелерді қарау үшін құрылады.

5. Аудит комитеті ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп береді және ҚМГ Директорлар кеңесімен және осы Ережеде оған берілген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.

6. Аудит комитеті өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ жарғысын, ҚМГ барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның -

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Акционер) шешімдерін, Директорлар кеңесі туралы ережені, осы Ережені және ҚМГ Директорлар кеңесінің басқа да шешімдерін басшылыққа алады.

2. Аудит комитетінің құзыреті

7. Аудит комитеті ҚМГ Акционерінің мүдделерінде әрекет етеді және оның жұмысы мыналар бойынша ұсынымдар әзірлеу жолымен ҚМГ Директорлар кеңесіне жәрдем көрсетуге бағытталған:

1) ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметін (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу;

2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;

3) сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау;

4) осы Ереженің талаптарына сәйкес басқа да мәселелерді;

7-1. Бұл ретте Комитеттің төрағасы Комитет отырысының күн тәртібіне мәселені енгізу қажеттілігін дербес айқындайды.

3. Аудит комитеті мүшелерінің құқықтары

8. Аудит комитеті мүшесінің белгіленген тәртіппен мынадай құқығы бар:

1) егер көрсетілген ақпарат оған Аудит комитеті мүшесінің функцияларын жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда, ҚМГ-ге қатысты кез келген ақпаратты (құжаттар, материалдарды) ҚМГ лауазымды тұлғаларынан және қызметкерлерінен сұрауға және алуға;

2) ҚМГ басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы және ішкі аудиторлармен кездесу өткізуге;

3) осы Ережеде айқындалғандай, Аудит комитетінің жүргізуінде тұрған мәселелер бойынша кез келген тергеулерге бастамашылық жасауға немесе өткізуге;

4) Аудит комитетінің отырыстар хаттамаларымен және шешімдерімен, аудиторлық қорытындыларымен танысуға;

5) күн тәртібінің мәселелері және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін Аудит комитеті отырысының хаттамасына енгізілуін талап етуге;

6) Аудит комитеті отырысын шақыруды талап етуге;

7) Аудит комитеті отырысының күн тәртібіне мәселелерді енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында, ҚМГ Жарғысында, ҚМГ басқа ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4. Аудит комитеті мүшелерінің құрамы, сайлау және өкілеттіктер мерзімі

9. Аудит комитетінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

10. Аудит комитетінің құрамы ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің және Аудит комитетінде жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылар арасынан қалыптастырылады.

11. Аудит комитеті тәуелсіз директорды (ларды) қоса алғанда, кем дегенде үш адамнан құралуға тиіс. Аудит комитетінің төрағасы тәуелсіз директорлардың ішінен сайланады.

Тәуелсіз болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі егер ҚМГ Директорлар кеңесі жоққа шығару ретімен Аудит комитетіне осы тұлғаның мүшелігі ҚМГ және ҚМГ акционерінің мүдделерінде қажет деп шешсе, Аудит комитетінің құрамына сайлануы мүмкін. Осы тағайындау туындаған кезде ҚМГ Директорлар кеңесі директордың тәуелділік сипатын ашуға және ҚМГ акционерінің алдындағы есепте оны Аудит комитетіне қабылдау туралы шешімді негіздеуге тиіс.

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылмайтын ҚМГ акционерінің өкілдері Аудит комитетінің құрамына қосуға ұсынылмайды. Аудит комитетінің құрамына оларды қосқан жағдайда ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ акционері алдындағы есепте Аудит комитетіне қабылдау туралы шешімді негіздеуге тиіс.

12. Аудит комитетінің құрамына оның мүшелерінен кем дегенде біреуінің бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік және/немесе қаржы және/немесе аудитті дайындау саласында тиісті білімі, ұзақ жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

13. Аудит комитетінің шешімімен Аудит комитетінің хатшысы тағайындалады, ол Аудит комитетінің жұмысын ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша функцияларды жүзеге асырады.

5. Аудит комитетінің төрағасы

14. Аудит комитетінің төрағасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Аудит комитетінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Аудит комитетінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 3) отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;
- 4) Аудит комитеті отырыстарының өткізу нысанын айқындайды.

15. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Аудит комитетінің шешімі бойынша Аудит комитеті мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

6. Аудит комитетінің жұмыс тәртібі

16. Аудит комитеті тоқсанына бір реттен кем емес тұрақты ішкі отырыстарды және кезектен тыс отырыстарды - қажеттілігіне қарай өткізеді. Аудит комитеті қаралатын мәселелердің маңыздылығын ескере отырып, отырысты өткізу нысанын таңдайды. Аудит комитеті жыл сайын Аудит комитетінің төрағасымен бекітілетін Аудит комитетінің жұмыс жоспарын жасайды.

Аудит комитеті отырысының күн тәртібі Аудит комитетінің барлық мүшелеріне және мүдделі тұлғаларына отырыстың жоспарланған күніне дейін екі аптадан кешіктірмей Аудит комитетінің хатшысымен дайындалады және жіберіледі. Аудит комитетінің отырысы кворум болған кезде - Аудит комитеті мүшелері ішінен кем дегенде жартысының болуы заңды деп есептеледі.

Комитеттің отырысы оның төрағасының бастамасы не талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Аудит комитетінің кез келген мүшесінің;
- 2) Акционердің;
- 3) ішкі аудит қызметінің.

Аудит комитетінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы ҚМГ Директорлар кеңесіне көрсетілген талаппен жүгінуге құқылы, ол Аудит комитетінің отырысын шақыруға міндетті.

Аудит комитетінің отырысы көрсетілген талапты берген тұлғаның міндетті шақыруымен жүргізіледі.

17. Шешімдер отырысқа қатысқан Аудит комитеті мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Аудит комитетінің төрағасы шешуші дауыс құқығына ие.

Ерекше жағдайларда, қаралатын мәселелердің жеделдігі мен маңыздылығына байланысты Аудит комитеті мүшесінің Аудит комитетінің ішкі отырысына, кворум болған кезде бейне конференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс ("телефон кеңесі" режимінде Аудит комитеті мүшелерімен бір мезгілде сөйлесу) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатысуға жол беріледі. Мұндай жағдайда Аудит комитетінің мүшесі Аудит комитетінің ішкі отырысына қатысқан болып саналады. Бұл ретте Комитет отырысының хаттамасында пайдаланылған байланыс түрі көрсетіледі.

18. Аудит комитетінің мүшелері Аудит комитетінің ішкі отырыстарына қатысуға міндетті.

Қажет болған жағдайда Аудит комитетінің төрағасын шақыру бойынша Аудит комитетінің отырыстарына мынадай адамдар қатыса алады:

- 1) ішкі аудит қызметінің басшысы;
- 2) жетекші серіктес және/немесе сыртқы аудитордың басқа да өкілдері;
- 3) Басқарма төрағасы және ҚМГ басқа да өкілдері, оның ішінде бас бухгалтер, сондай-ақ ҚМГ заң бөлімшесінің өкілдері;
- 4) күн тәртібі мәселелері бойынша ақпарат алу үшін белгіленген тәртіппен тартылған тәуелсіз консультанттар (сарапшылар).

19. Аудит комитетінің әр отырысының нәтижелері бойынша оны өткізген соң үш жұмыс күнінен кешіктірілмей хаттама жасалады. Хаттамаға Аудит

комитетінің төрағасы немесе отырысқа төрағалық еткен тұлға және Аудит комитетінің хатшысы қол қояды, олар хаттаманың жасалу дұрыстығына және мазмұнына жауапты болады.

Аудит комитетінің хатшысы Аудит комитеті отырыстары хаттамаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

7. Аудит комитетінің функциялары

20. Аудит комитеті мынадай функцияларды белгіленген тәртіппен орындайды:

1) қаржылық есептілік мәселелері бойынша:

а) ҚМГ басшылығымен және сыртқы аудитормен қаржылық есептілікті, сондай-ақ қаржылық есептілікте пайдаланылған қағидаттардың негізділігі мен қолайлылығын, қаржылық есептіліктегі елеулі бағалау көрсеткіштерін, есептіліктің елеулі түзетулерін талқылайды;

б) ҚМГ басшылығымен, сыртқы және ішкі аудиторлармен ҚМГ Есеп саясатында ұсынылатын (болжамды) өзгерістерді және де осы өзгерістердің есептіліктің мазмұнында қалай көрсетілетінін талқылайды;

в) ҚМГ қаржылық есептілігіне қатысты ҚМГ сыртқы аудиторы және басшылығы арасындағы кез келген маңызды келіспеушіліктерді қарастырады;

г) ҚМГ Есеп саясатын алдын ала мақұлдайды;

д) ҚМГ жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдайды.

2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша:

а) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің жай-күйі туралы сыртқы және ішкі аудиторлардың есептерін талдайды;

б) ҚМГ ішкі бақылау құралдарының және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін талдайды, сондай-ақ осы және аралас мәселелер бойынша ұсыныстар береді;

в) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелеріне қатысты ҚМГ ішкі және сыртқы аудиторларының ұсынымдарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

г) бақылаудың маңызды тәуекелдері мен проблемаларын және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудағы ҚМГ тиісті жоспарларын қарау үшін ҚМГ басшылығымен тұрақты кездесулер өткізеді;

д) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша ҚМГ саясаты мен рәсімдерін алдын ала мақұлдайды;

е) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ҚМГ әзірлеген іс-шараларды (түзетуші қадамдарды) орындау нәтижелері мен сапасын талдайды;

ж) тәуекелдер картасын бағалауды жүзеге асырады;

з) орнықты дамыту саласында тәуекелдер мәселелері бойынша ҚМГ Директорлар кеңесіне жәрдемдеседі.

3) сыртқы аудит мәселелері бойынша:

а) ҚМГ сыртқы аудиторын тағайындау және ауыстыру бойынша мәселелерді зерделейді және аталған мәселе бойынша ұсынымдар әзірлейді;

б) сыртқы аудитор ҚМГ көрсететін (көрсетуді жоспарлайтын) және оны сыртқы аудитормен талқылайтын барлық ілеспе қызметтердің тізбесін сыртқы аудитордан алуын қамтамасыз етеді. Ілеспе қызметтердің қаншалықты тәуелсіз аудитормен үйлесімді екендігін бағалайды. ҚМГ Директорлар кеңесі сыртқы аудитордың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін шараларды қабылдауды ұсынады;

в) сыртқы аудитордан ілеспе қызметтерді алуын алдын ала мақұлдайды;

г) сыртқы аудитормен ҚМГ жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге шарттың (келісімшарттың) маңызды жобасын алдын ала мақұлдайды;

д) сыртқы аудитормен аудиттің ұсынылатын жоспары мен көлемінің қаншалықты ҚМГ Акционерінің және Директорлар кеңесінің қажеттіліктеріне жауап беретіндігін талқылайды;

е) сыртқы аудитормен бірлесіп аудиттердің қорытындылары бойынша ҚМГ басшылығының ақпаратын қоса алғанда, жыл сайынғы және аралық аудиттердің нәтижелерін қарастырады;

ж) ҚМГ басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы аудитормен кездесуді жарты жылда бір реттен жиі емес өткізеді;

з) сыртқы аудитордың сыйақы мөлшері бойынша ұсынымдар әзірлейді.

4) ішкі аудиттің мәселелері бойынша;

а) ішкі аудит қызметіне жетекшілік жасайды;

б) сыртқы аудит қызметінің сандық құрамы, өкілеттіктер мерзімі, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстар енгізеді;

в) Директорлар кеңесіне ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшерлері мен шарттары, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы ұсыныстар енгізеді;

г) ішкі аудит қызметі туралы ережені, ішкі аудиттің саясатын, рәсімдерін және ішкі аудит қызметінің іс-әрекетін реттейтін басқа да құжаттарды, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдайды, ҚМГ басшылығынан ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;

д) ҚМГ еншілес пен тәуелді ұйымдарындағы ішкі аудит қызметі басшылары мен қызметкерлерінің кандидатураларын алдын ала келіседі, сондай-ақ оларда Директорлар кеңесі және Аудит комитеті болмаған жағдайда, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныс береді;

е) оларда Директорлар кеңесі және Аудит комитеті болмаған жағдайда ҚМГ еншілес пен тәуелді ұйымдарының ішкі аудитінің саясаты мен рәсімдерін алдын ала мақұлдайды;

ж) ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын, ішкі аудит қызметінің құрылымын, штат санын және бюджетін (шығыстар сметасын) алдын ала мақұлдайды;

з) жұмыс нәтижелері мен барынша маңызды аудиторлық түсініктемелерді қорытындыланған форматта ұсынатын ішкі аудит қызметінің есептерін алдын ала мақұлдайды;

и) ішкі аудит қызметіне қойылған міндеттерді тиімді орындауға кедергі келтіретін қолданыстағы шектеулер мәселесін қарайды және осындай шектеулерді жоюға ықпал жасайды;

к) ҚМГ басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз ішкі аудит қызметінің басшысымен кездесуді тоқсанына бір реттен сирек емес өткізеді;

л) ішкі аудит қызметінің іс-әрекетіне алдын ала бағалау өткізеді;

м) ішкі аудит қызметімен қажет болған жағдайда қызықтыратын мәселелерге тәуелсіз тексерулер (бағалау) жүргізілуіне бастамашылық жасайды;

Егер ҚМГ Басқармасында ішкі аудит қызметімен қызықтырып отырған мәселеге тәуелсіз тексеру (бағалау) жүргізу қажеттілігі туындаса, онда ҚМГ Басқарма төрағасы осы тәуелсіз тексеру (бағалау) жүзеге асыруға алдын ала рұқсат алу үшін Аудит комитетіне өтініш жасайды.

5) заңнаманы сақтау мәселелері бойынша:

а) ҚМГ заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуге тартылған ҚМГ ішкі рәсімдерінің тиімділігін бағалайды;

б) заңнаманы сақтау мәселелері бойынша уәкілетті органдар (оның ішінде салық), сыртқы және ішкі аудиторлардың, ҚМГ басшылығының есептерін алады және зерделейді;

в) ҚМГ қызметкерлері құпия негізде немесе жасырын түрде заңнаманың болжалды бұзушылықтары немесе теріс пайдаланушылығы туралы, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығына қатысты ақпаратпен жүгінуі мүмкін "жедел байланыс" рәсімі бойынша ұсыныстар, сондай-ақ осындай өтініштерге қарау және ден қою тәртібі бойынша ұсыныстар енгізеді.

б) қызмет туралы есептілік:

а) өз қызметі туралы Директорлар кеңесінің алдында тұрақты, алайда жылына бір реттен жиі емес есеп береді;

б) Директорлар кеңесінің есебіне қосу және оны ҚМГ Акционері алдындағы есепте ашу үшін Аудит комитетінің жұмыс нәтижелері туралы ақпараттың дайындалуын жүзеге асырады.

7) басқа да міндеттер:

а) арнайы тергеулерді (тексерістерді) жүргізу бойынша, оның ішінде тәуелсіз консультанттарды (сарапшыларды) тарта отырып, қажеттілігіне қарай ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынымдарды әзірлейді;

б) алаяқтық жағдайларын талдайды және қорытындылайды және болашақта ҚМГ Басқармасы қабылдаған алаяқтықты ескерту жөніндегі шаралардың барабарлығын бағалайды;

в) ҚМГ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Аудит комитетінің құзыретіне жататын басқа да міндеттерді орындайды.

8. Аудит комитеті мүшелерінің жауаптылығы

21. Аудит комитетінің мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде ҚМГ және ҚМГ Акционері алдында жаңылыстыратын ақпаратты немесе көрінеу жалған ақпарат беру нәтижесінде келтірілген залалдар үшін жауапты болады.